





**Қасым хан – Жәнібек  
ханның заңды мұрагері**

# 1. Қасым хан тағына отыруы

XVI ғасырдың бас кезінде Жәнібек ханның ұлы Қасым таққа отырды. Керей ханнан кейін хан тағы оның ұлы Бұрындық ханның үлесіне тиген еді. Бастапқы кезде Қасым сұлтан әкесінің жолын қуып, барлық істе Бұрындық ханға бағынып, соңын алдында бас иді. Алайда Бұрындық пен Қасымның арасында билік үшін шиеленіскен күрес Қасым сұлтанның жеңісімен аяқталды.

Бұрындық хан жеңіліс тауып, елден кетті. 1511 жылдан бастап Қасым хандық билікті қолына алды. Қасым хан Қазақ хандығының тағына отырысымен ішкі- қайшылықтарды –феодал-ақсүйектердің наразылығын бәсеңдетіп, хандықты нығайтуға кірісті. Сөйтіп Қазақ хандығының жер көлемін кеңейте түсуге бар күшін,ынта-жігерін аямай жұмсады. Нәтижесінде Қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы бұрынғыдан әлдеқайда нығая түсті.

Қасым ханның билік құрған кезіндегі қазақ хандығының қуаты мен беделі алыс елдерге танылды. Қасым ханның Қазақ хандығына хан болуы кездейсоқ емес, XV – XVI ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы ішкі саяси дамудың заңды қорытындысы. Қасым хан – хандықтың кеңеюімен нығаюына белсене араласып, өз елін алыс-жақын елдердің бәріне танымал еткен тарихи тұлға. Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтың ханына айналды. Қасым хандығының нығаюына онымен көршілес отырған, сол кезде ауыр дағдарысты басынан көшірген Ноғай Ордасының әлсіреуі себепкер болды. Руларды билеуші мырзалар билік үшін өзара күресіп жатты. Соның салдарынан Ноғай Ордасының жеріне көшіп жүрген рулардың бір бөлігі- қыпшақтар, қаңлылар және басқалары Қазақ хандығының құрамына келіп қосылды. Ноғай мырзаларының қол астында болған көптеген қауымдар Қасым ханға бағынды.

Қасым ханды ақ киізге көтеріп, «Хон сайлау»  
рәсімі. Суретші Т.Асықов



## 2. Қасым ханның ішкі саясаты

Қасым хан ішкі саясатты да дұрыс жолға қоя білді. Ол феодал ақсүйектердің қарсылығын әлсіретіп, мемлекеттің саяси, экономикалық, әскери қуатын арттырды. Қасым хан мемлекеттің саяси құрылымын нығайту жолында біраз шараларды жүзеге асырды.

Оның тұсында мемлекеттің ең жоғарғы заң шығарушы органы Маслихат-султандар мен ру басшыларының съезі болды. Маслихат жылына бір рет шақырылып, мемлекеттің ең маңызды - соғыс жариялау, бітім жасау, жайылым жерлерді бөлісу, көшіп-қону жолдарын айқындау сияқты мәселерді қарады. Маслихаттың Шыңғыс хан әулетінен хан сайлау құқысы болды. Маслихат жұмысына тек ерлер ғана қатыса алды. Мемлекеттегі бүкіл билік хан қолында болды, сонымен бірге заң қабылдау, жарлық беріп отыруға құқысы болды.

Ханның жанында неғұрлым беделді билер мен қауым ассоциация өкілдерінен тұратын Кеңесші ұйым- Билер Кеңесі болды. Ханның іс-қағаздарын жүргізіп отыратын, хатшылары мен кеңсесі болды. Бір ескеретін жәй, мемлекеттің орталық аппаратының тұрақты бір жерде жұмыс істейтін орны болған жоқ, сондықтан ханмен бірге көшіп-қонып жүрді.



## 2.Қасым ханның ішкі саясаты

**Құқық (право).** Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқық-нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы- «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне («аксақалдар ережесі», «ата-баба жолы», «жөн-жосықтар») мәнді өзгерістер енгізеді. Халық бұқарасы Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы- жарғыны жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кеткен.

**Бұрынғы заң-қағидаларға енгізген ережелері мынау:**

- 1.Мүлік заңы (мал –мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері).
  - 2.Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылатын жазалар).
  - 3.Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.).
  - 4.Елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайлық, сөйлеу мәнері).
  - 5.Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.)
- Сөйтіп, Қасым хан ел басқару ісін бір жүйеге келтірген алғашқы заң жинағын дүниеге әкелді. Қасым ханның қазақ хандығын күшейту, қазақ тайпаларын және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің ішкі және сыртқы беделін арттырып, атак – даңқын асыра түсті. Әйгілі (орта ғасырлық) тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарихи – Рашиди») атты кітабында: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес. Бұрындықты тіпті ешкім де елең қылған жоқ» - дейді.



*-Қасым хан әкесі Жәнібек ханның саясатын одан әрі жалғастырды ма, әлде басқа бағыт ұстанды ма?*

*-Қасым хан тұсында қазақ жерлерін біріктіру толық аяқталды ма?*

*-Қасым хан тұсында Қазақ хандығы қандай дәрежеге жетті?*





Қазан хандығы

Сібір хандығы

Қазақ хандығы

Кіші Жүз

Орта Жүз

Ұлы Жүз

Жұңғар хандығы

○ Сарайшық

○ Орда-Базар

○ Сығанақ

○ Түркістан

○ Сауран

○ Созақ

○ Тараз

○ Іспіжәб

○ Ташкент

Адайлар

Өзбек хандығы

Моғұлстан



-Қасым ханның елдің ішіндегі әлеуметтік қатынастарды реттеуге күш салуы.

-Қасым ханның басқа елдермен, Ресеймен байланыс жасауға ұмтылуы.

# 1.Қасым ханның сыртқы саясаты

Шыңғыс-хан ұрпақтары үстемдік еткен Алтын Орда, Ақ Орда, Шағатай хандықтарының ыдырауына байланысты Шығыс Дешті –Қыпшақ даласы мен Орта Азия өңірінде жарыққа шыққан ұтқымалы ұсақ хандықтардың және осы хандықтардың тәж-тағына таласқан хандар мен султандар басқарған түрліше феодалдық топтардың тынымсыз қырқыстарынан, соғыстарынан қалжыраған халық бұқарасы бұл тартыстарды тиятын, аласапыранды аяқтататын біртұтас мемлекетті арман етті. Бұл өз алдына бейбіт өмір өткізуді аңсаған қазақ халқының көкейтесті мүдесі еді.

Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы ішкі феодалдық қырқыстар мен аласапыранқылықты аяқтатты, үнемі ер өліп, өріс бұзылып отыратын тайпалық талас-тартыстарға тыйым салды. Ел ішінде бейбіт береке орнады. Мұның өзі көшпелі шаруалардың бұрыннан қалыптасқан дағдылы дәстүрге бай мал жайылыстарынан мерзім бойынша тиімді пайдалануын, кезінде өріс-қоныс, жайлау-қыстауларына көшіп-қонуын, бейбіт өмір өткізіп, өндіріспен шұғылдануын қамтамасыз етті. Сөйтіп, әлеуметтік өндіргіш күштерді өсірді.

## 4. Қасым ханның Шайбани ханмен жүргізген соғыстары

XVI ғасырдың басында қазақ ханы Қасым ханның сыртқы саясатының басты бағыты Сырдария бойындағы қалаларды қаратып алу жолындағы күрес болды. Қасым ханның Мауараннахрдың билеушісі болған Шайбани хан және оның ұрпақтарымен күресі тоқтаусыз жүре берді. Бұл ұрпақтан ұрпаққа созылған соғыс экономикалық сипат алды.

Мұхаммед Шайбани хан Қазақ хандығының экономикалық жағынан күшеюіне жол бермеуге ұмтылды. Сөйтіп қазақ хандығының Сырдария бойындағы шұрайлы жерлер мен қалаларға билік жүргізуіне бөгет жасады. Шайбани хан алғаш экономикалық соққы беру үшін, екі ел арасындағы сауда байланысын үзіп, тоқтатуға тырысты. Ол “Түркістан халқы қазақ саудагерлерімен ешқандай сауда келісімдерін жасамайтын болсын, олармен осы жерлердің тұрғындары арасында қарым-қатынас болмасын” деген жарлық шығарды. Осымен қатар қазақ саудагерлерінің керуенін тонау туралы бұйрық берді.

Оңтүстік қазақстан қалалары үшін күрес ұзаққа созылды. Шайбани хан 1503, 1505, 1506 жылдары қазақ жеріне тонаушылық жорықтар жасады.

1509 жылы Шайбани көп әскермен Жаныш сұлтан қыстап отырған Караталға күтпеген жерден шабуыл жасап, қазақтарды шығынға ұшыратты.

1510 жылы Шайбани хан Қасымға қарсы тағы бір шапқыншылық жорық ұйымдастырды. Ол Мерв түбінде Иран шахы Исмаилмен шайқаста қаза тапты.



#### 4. Қасым ханның Шайбани ханмен жүргізген соғыстары

Қасым хан Мұхаммед Хайдардың деректеріне қарағанда, 1518 жылы қайтыс болған. Қасым хан тұсында қазақтар өз алдына тәуелсіз, дербес мемлекет есебінде Орта Азия мен Шығыс Еуропаға белгілі болды. XVI ғасып Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңі болды, жер көлемі ұлғайды, халқының саны артты, халықаралық беделі өсті, хандықтағы талас-тартыстар біршама азайды.





Мұхаммед Хайдардың жазбаларына қарағанда, Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатты.

«Қасым ханның қасқа жолы» — осының куәсі.

Ал Тахир Мұхаммед өзінің «Раузат-ат Тарихирин» атты еңбегінде Қасым ханның өлген уақыты 1523-1524 жылдар деп көрсетеді. Қадырғали Қасымұлы Жалайырдың сөзі бойынша, Қасым хан Сарайшық қаласында қаза болған. Қасым хан өлгеннен кейін, өзара қырқысулардың өрши түсуіне байланысты, Қазақ хандығы біраз әлсіреді, ал моғолдар мен қазақтардың арақатынасы өзгерді.

